БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры
Абдикерова Б. Х._____
«05» 03 2021 ж.

«Болашаққа жолдама» форумының ережесі

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Болашаққа жолдама» облыстық форумын (бұдан әрі – Форум) өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.
1.2. Облыстық форумды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.
1.3. Форумды өткізу тәртібі Ережемен анықталады.

II. ФОРУМНЫҢ МАҚСАТЫ – облыстың білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімділігін арттыру және оқушылардың өзін-өзі кәсіптік анықтауына көмек көрсету.

III. ФОРУМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Педагогтердің оқушыларды кәсіптік бағдарлау қызметін ұйымдастырудағы үздік жұмыс тәжірибесін көрсету;
2. Оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауы үшін ақпараттық-танымдық жағдай жасау;
3. Заманауи мамандықтар мен технологиялардың таныстырылымдары.

IV. ФОРУМДЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

4.1. I кезең-аудандық-қалалық: 2021 жылдың 15 наурызы -15 сәуірі
4.2. II кезең-облыстық іріктеу: 20-26 сәуір. Іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс әр бағыт бойынша жолданады.
4.3. III кезең - «БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» ФОРУМЫНЫҢ облыстық Бірыңғай күні – 30 сәуір. III кезеңге әр бағыт бойынша 6 үздік жұмыс қатысады.
4.4. Форумның облыстық іріктеу кезеңіне қатысуға өтінімді қалалық/аудандық кезең қорытындылары бойынша білім бөлімі **2021жылдың 19 сәуіріне** дейін umc.forum@umckrg.gov.kz электрондық мекенжайға жібереді.

V. ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУ

5.1. Форумға білім беру ұйымдарының оқушылары, педагогтар, педагогикалық еңбек ардагерлері, ата-аналар жұртшылығы, ЖОО мен колледждер, БАҚ өкілдері қатысады (форумға Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдары қатысады).

VI. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕР: Қарағанды облысының ЖОО-лары, колледждері.

VII. ФОРУМ БАҒЫТТАРЫ:

7.1. Профильдеу

1. **«Үздік авторлық бағдарлама» шеберлік сыныптары** / «Медицина сыныптары», «Педагогикалық сыныптар», «IT сыныптар», «Агрокласс», «Инженерлік сыныптар», «Сәулет», «Жас блогер», «Жас журналист», «Графика және дизайн», «AvtoCAD негіздерімен автоматтандырылған жобалау», «Кәсіптік оқыту инновациялары», «Маркшейдерлік іс», «Археология» вариативтік бейінді курстары/ ЖОО оқытушылары мен пән мұғалімдері өткізеді.
2. **«Үздік кәсіптік бағдарлаушы» конкурсы** /үздік жұмыс тәжірибесін көрсету
3. **«Жаңа мамандықтар атласы» конкурсы, «Мектептер мен ЖОО-лардың кәсіптік бағдарлау бейнероликтері» бейнефильмдерін көру** (жалпы ұзақтығы 3-5 минут)
4. **Оқушылардың бизнес стартап жобаларының көрмесі** / оқушылардың үздік жобаларын көрсету
5. ЖОО мен колледждердің **«Мамандықтар жәрмеңкесі»**, кәсіптік сынамалары.

VIII. «Болашаққа жолдама» форумының Бірыңғай күні (облыстық)

8.1. «Болашаққа жолдама» форумының бірыңғай күнінің секцияларын өткізу үшін қазылар алқасы бағыттар бойынша үздік жұмыстарды іріктейтін болады.

1. «Үздік авторлық бағдарлама» шеберлік сыныптары» секциясы
2. «Үздік кәсіптік бағдарлаушы» секциясы
3. «Жаңа мамандықтар атласы» бейнефильмдері» секциясы
4. «Оқушылардың үздік бизнес стартап жобалары» секциясы
5. «Мамандықтар жәрмеңкесі» секциясы.

IX. Қорытындылау, марапаттау

9.1. «Үздік авторлық бағдарлама» шеберлік сынып (мастер-класс) секциясының қазылар алқасы шешімімен анықталған жеңімпаздары Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

9.2. Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

ЕСКЕРТУ: Қарағанды облысының мамандандырылған мектеп-интернаттары «Болашаққа жолдама» форумының 1-кезеңін білім беру ұйымы ішінде өткізеді, 2-кезеңде әр бағыт бойынша 1 жұмыстан қояды.

Өтінім

№	Аудан / қала	ББҰ атауы	Аты-жөні (оқушы/ педагог)	Бағыты	Жұмыстың атауы	Байланыс телефоны, email

«Болашаққа жолдама» форумының Бірыңғай күнінің өткізілгені туралы ақпарат ҚО ББД ОӘО сайтында, Фейсбук, Инстаграм әлеуметтік желілерінде және БАҚ-та орналастырылатын болады.

Форумға қатысты сұрақтар бойынша ОӘО, 316 кабинетке (Қарағанды қ., С.Сейфуллин көшесі, 8/2), 44-56-30 тел. хабарласуға болады.

Келісілді:
Е. Аринов
А. Сарсембаева
Г. Копбаева
Г. Мукашева

Ж. Дюсембина